



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 26 БАСПАСӨЗ - Р Е Л И З І
2007 жылғы 26 маусым**

Ресми қайта қаржыландыру ставкасы туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2007 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру ставкасын жылдық 9,0% деңгейінде белгілеу жөнінде қаулы қабылдады.

Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатын қатаңдату жөніндегі банк секторының артық өтімділігін алуға және Ұлттық банктің операциялары бойынша ставкаларды көтеруге бағытталған шараларды қабылдауы 2007 жылы инфляцияның өсу қарқынының бәсеңдеуіне себепші болды. Егер ағымдағы жылдың қаңтарында жылдық инфляцияның деңгейі 8,5% құраса, мамырдың қорытындысы бойынша ол 7,6% болды.

Ақша ұсынысының өсу қарқынның төмендеуіне, нақты сектордағы бағалардың тұрақтануына, импорттық түсімдердің төмендеуіне қарамастан экономикада инфляция аясының сақталуына елге шетел валютасының әкелінуі, жиынтық сұраныстың ұлғаюы, өндірістік шығындардың өсуі, сондай-ақ жекелеген тауарлар мен қызмет көрсетулер нарықтарындағы бәсекелестіктің төмен деңгейі себепші болды.

Осы жағдайларда ақша-кредит саясаты шараларының жұмсаруы тиімді болып табылмайды. Ұлттық Банк орташа жылдық инфляцияның кейбір төмендеуі кезінде инфляция жылдық көрсетуде көтеріледі деп күтеді.

Осыған байланысты ресми қайта қаржыландыру ставкасы өзгеріссіз қалдырылды.